

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 маусым N 707. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.30. N 993 қаулысымен. ~P000993

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 2600 U952600_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 наурыздағы N 2918 U962918_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасын, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығын дербес заңды тұлға ретінде ұстауға арналған шығыстар республикалық бюджеттен жеке қаржыландырылсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.07.20. N 1012 қаулысымен.

P991012_

2. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің шығыстары Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы арқылы, ал Қазақстан Республикасы Парламенті Аппаратының шығыстары Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы арқылы қаржыландырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландырудың қолданылып жүрген тәртібі сақталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК